

# Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!

Наурыз айы – қытымыр қыстан аман – есен шығып, жер босап, көк көрініп, шұғылалы күннің көзі



көңілге қуаныш ұялататын кезең. Оған қоса, қазақ халқы үшін ерекше мән – мағынасы тереңде көмкерілген Әз Наурыз, жаңа жылды қарсы алатын сәті.

Айтулы мерекеге орай С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты іс – шара ұйымдастырып, салт – дәстүрлер кешін өткізді. Шараның басты мақсаты – «Наурыз» меріамы жайында жан – жақты түсінік беріп, ұлтымызға тән ұлылықты дәріптеу. Санамызға сіңген салт – дәстүрлерді қайта жаңғыртып, өскелең ұрпақ бойына ұялату. Сол себепті, мереке тамаша үрдіс, ең алдымен «шашумен» басталып, әсем әнмен тамаша көңіл күйді елітіп әкетті.

Жүргізушілердің ыстық ықыласынан соң, келесі кезекте киелі сахнаға «Айкөркем» би ансамблі «Асагаяк» биімен өнер көрсетіп, көпшіліктің көзайымына айналып үлгерді. Айта кетейік, аталмыш шара, наурыз айына жоспарланған айшықты күндердің әр қайсына жекелей тоқталып, «Шаңырақ» күнін де ұмыт қалдырмады. Қазақ халқы қашан да киелі шаңырақты қастер тұтып, ордалы отбасының ұйытқысына айналған бұл бөлшектің еңсесін биікте тіктегенін құп көрген. Сондықтан да, «қара шаңырақ», «шаңырағың кең болсын!», «шаңырағың шайқалмасын» деген секілді түрлі теңеулер арқылы оның маңызын үнемі дәріптеп отырған.

17 наурыз «Шаңырақ» күні деп аталғандықтан, өңірімізде өзінің үлгілі отбасына айналып, үбірлі – шүбірлі болып отырған Түсіповтер әулетін шақырып, жүздесуді жөн деп таптық. Түсіповтер отбасының отағасы Амангелді Түсіпов аудандық «Аманат» партиясы филиалының атқарушы хатшысы, оған қоса талай жыл мәдениет саласында басшылық қызметін атқарып, ауданның гүлденуіне ат салысып, мәдениетін мәйегіне көтерген, өнерден құр алақан емес азамат. Атадан балаға дарыған бұл өнер Амангелді Бақышұлының балаларына да тарап, бойынан да көрініс тапқан.

Ал, отбасының ұйытқысы, көп балалы ана, аяулы жар Арайлым Әбжанова өзінің ибалығымен, тәлім – тәрбиесімен ерекшеленіп, айрандай ұйыған отбасының құтын одан әрі кіргізіп, салт – дәстүрдің тамаша үлгісін дәріптеп жүрген жан екенін айта кеткеніміз жөн.

«Ер Төстік» бөбекжайының тәрбиешісі, облыстық «Креативті тәрбиеші» байқауының бас жүлде иегері шараға арнайы келіп, өзінің бала, ұрпақ тәрбиесі жөніндегі кеңестерімен бөлісіп, сырлы сұхбатқа сән кіргізді. Оған қоса, Амангелді мырза мен Арайлым ханымның балалары Зейнеп пен Айша да келелі кездесуге арнайы келіп, бойларындағы дарынын көпшілікке паш етті.

Өнегелі отбасының тамаша сұхбатын кітапханашы Әсем Уахитова өзінің «Ақмаңдайлым» атты кестелі жырымен жалғап, құлақтың құрышын бір қандырып тастады. Оған қоса, Б.Амалбеков атындағы ЖБММ оқушылары Айсалин Саятқызы, Зәмзәгул Құрақбайқызы да өз өнерлерін ортаға салып, мерекелік кештің көркін қыздыра түсті.

Шара соңында ақпараттық – библиографиялық бөлім меңгерушісі Ақбөпе Картайкақызы өнегелі отбасына ақ тілек батасын берді, сондай ақ С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директор міндетін атқарушы Гүлмайра Ағлақызы шақырылған қонақтарға рақмет айтып естелік сыйлық табыстады.

Осылайша, Әз Наурызға арналған әдемі кеш өзінің мәресіне жетіп, шаңырағы шаттықа толы әулеттің әсерлі әңгімелерімен көмкеріліп, әуезді ән, сыңғырлаған домбыра үнімен жалғасын тауып, мың бұралған бишілердің тамаша өнерімен жаңа жылға жақсылықпен бір қадам аяқ бастық. Кітапхана ұжымының мереке алды игі шарасы көпшіліктің көңіліне қуаныш ұялатып, дәстүрді дәріптеп, ұлтымызға тән ұлылықты одан әрі арттырып, ұрпағымызға тамаша үлгі болды.

**Салтанат ЕРФАЛИҚЫЗЫ,**  
**«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»**  
**КММ Ақпараттық – библиографиялық бөлім кітапханашысы**